

**Тамды орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында мемлекеттік мекемесінің
қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №2**

Қатысуға тиіс: 7

Қатысқаны: 7

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің міндеттерін айқындау.
2. Мектепте қамқоршылық кеңесінің төрағасын және хатшысын сайлау.

Қ.Байгазин

М.Аманов

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, яғни мектептегі қамқоршылық кеңесінің құрылуы жайлы осы мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Сағымбаева сөз алды. Сөз барысында мектепте қамқоршылық кеңесінің құрылғандығы жайлы және оның міндеттері туралы айтты. Құрылған кеңес мектептегі аз қамтылған отбасының балаларына қажетті көмектермен қамтамасыз ету керектігін көрсетті. Кеңестің негізгі мақсаты - міндетті білім қорынан бөлінген қаржыға аз қамтылған, жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасыларынан шыққан оқушыларға көмек көрсету және ата-аналар тарапынан мектептің материалдық базасын нығайтуға демеушілер тарту екенін атап айтты.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жарикова мектепте қамқоршылық кеңес жүйелі түрде жұмыс атқаруы тиіс. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің жалпы ережелеріне сәйкес қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегідей болып ұсынылды:
3. К.Байгазин - комиссия төрағасы
4. Л.Сағымбаева – қамқоршылық кеңесінің хатшысы.

Сөйлеушілер:







Кеңес мүшесі М.Аманов сөз алып, осы кеңестің атқаратын жұмыстарына жоспар жасап, құжаттарды ережеге сәйкес ретке келтіру керектігін айтып өтті. «Қазақ халқы қашанда жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған халық. Сондықтан бүгін құрылып отырған кеңестің мақсаты мектептегі оқушыларды зерттеп, жетім, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға және мектептің материалдық базасын нығайтуға мектеп тарапынан, демеушілер тарапынан көмек көрсету. Міндетті білім беру қорынан бөлінген қаражатқа керекті киім – кешек алып тарату және тоқсанына 1 рет қайырымдылық акциясын ұйымдастырып оқушыларды қамтамасыз ету. Сонымен қатар кеңес мүшелері демеушілік жасайтын адамдар санын ұлғайту керек, қамқоршылық кеңесінің ұсынылып отырған төрайымы мен хатшысының өз орындарына лайықты екеніне келісемін деді кеңес мүшесі.

Кеңес мүшелері атынан А.Аскарова сөз алып, құрылған кеңестің жұмысына сәттілік тілеп, алдағы уақытта да демеушілеріміздің көбейіп, аз қамтылған, жетім , жартылай жетім оқушылардың санын азайту керектігін айтты. Қамқоршылық кеңесінің құрамына келісетіндігін айтып өтті. Күн тәртібіндегі мәселені тыңдап талқылай келе қамқоршылық кеңесінің жиналысы қаулы етеді.

Қаулы:

1. Мектептегі қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.Байгазин, және қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып Л.Сағымбаева берілген ұсыныс ескерілсін.
2. Жұмыс жоспарын іске асыруда, барлық ұйымдастыру жұмыстарын алға қою кеңес мүшелеріне және қамқоршылық кеңесінің төрағасына тапсырылсын.

Комиссия төрағасы  К.Байгазин

Кеңес мүшелері  А.Айбатша
 А.Аскарова
 М.Аманов
 А.Тауман
 А.Карабалина
 Б.Рыспаева

Хатшы:  Л.Сағымбаева